

Шетел асқан қаржы иесі мен жүйесі

5-бет

Ашаның алты салы

10-бет

Көңілге қаяу түсіретін көрсеткіш

12-бет

ДЕМОКРАТИЯ – ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

Халық сенімі – басты құндылық

Еліміз жаңа саяси бетбұрыстың алдында тұр. 19 наурыз күні өтетін Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы — осы бағыттағы үлкен қадам болмақ. Саяси додаға түсуге бел бұған жеті партия құрылтайларын өткізді. Кандидаттар ресми тіркелді. Нағыз саяси тартыс енді қыза түспек. Үгіт-насихат кезеңі басталысымен, үміткерлер жұрттың алдына шығып, сайлауалды бағдарламаларымен таныстырып жатыр. Іске сәт!

Оралхан АХМАДИЯ, «Egemen Qazaqstan»

Демократиялық негіздерге бағытталған сайлау нәтижесі мемлекетіміздің тұғырын нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын жаңа деңгейге көтеруге сеп болар деген сенім мол. Себебі халық үлкен өзгерістерден сапалы нәтиже күтеді. «Бұл ән бұрынғыдан өзгереді» демекші, бұл сайлаудың ерекшелігі көп. Саяси науқан нағыз Жаңа Қазақстанның алғашқы көрінісі деуге толық негіз бар. Себебі енді халық қалаулылары пропорционалды-мажоритарлық жүйе бойынша сайланады. Бұл үрдіс елімізде саяси бәсекелестік ортаны қалыптастырып, жаңа тұлғалардың саясатқа араласуына жол ашатыны анық. Елдің болашағына бейжай

қарамайтын, саяси оқиғаларды ақылмен саралайтын азаматтар өзін-өзі ұсынып, додаға түсіп жатыр.

Саяси тартыс басталып кетті. Қайда барсаң да, елдің аузында сайлау жайлы әңгіме. Партиялық тізімдерін өткізген еліміздегі барлық 7 партия әр дауыс үшін күресуге ниетті. Жаңадан тіркеліп, саяси аренаға енді қадам басқан партиялардың өзі халықтың ыстық ықыласына, зор сеніміне ие болатынын айтып, бәсекелестіктің шоғын үрлей түсті. Жақтастары көп, бұған дейінгі сайлауларда мол тәжірибе жинап үлгерген партиялар да қарап қалмасы анық. Не десек те, әр дауыс ауадай қажет. Ол үшін халықтың сеніміне ие болу маңызды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Кедендік әкелу баждарының (балама қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібін сақтау мәселелері бойынша бірлескен бақылау іс-шараларын өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы

2021 жылғы 16 қарашада Мәскеуде жасалған Кедендік әкелу баждарының (балама қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібін сақтау мәселелері бойынша бірлескен бақылау іс-шараларын өткізу туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 17 ақпан № 202-VII ҚРЗ

Сөңгі бетте

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Кедендік әкелу баждарының (балама қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібін сақтау мәселелері бойынша бірлескен бақылау іс-шараларын өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы

2021 жылғы 16 қарашада Мәскеуде жасалған Кедендік әкелу баждарының (балама қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібін сақтау мәселелері бойынша бірлескен бақылау іс-шараларын өткізу туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 17 ақпан № 202-VII ҚРЗ

Сөңгі бетте

КӨКЕЙКЕСТІ

Кәсіптік бағдарлау білікті маман болуға жол ашады

Өмірде таңдау мүмкіндігі туғанда мейлінше мұлт кетпеуге мән беретін маңызды нәрсенің бірі — мамандық. Өкінішке қарай, бұл таңдауға келгенде шалыс басып, басқа шаруаның құлағынан ұстаған немесе мүлдем шарасыз жүрген азамат көп.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ, «Egemen Qazaqstan»

Зерттеу деректері бойынша, елімізде еңбекке қабілетті халықтың 60%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Жыл сайын 70 мыңнан аса түлек жұмысқа орналаса алмайды. Бұған

қоса NEET санатындағы жастар да аз емес. Еңбек нарығындағы бұл олқылықтың орнын толтыру үшін, жалпы адам капиталын тиімді дамыту үшін қазіргі кезде сапалы кәсіптік бағдарлауға барынша көңіл бөліне бастады.

Сөңгі бетте



Суретті түсірген Еран ОМАР, «ЕҚ»

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Көсеуі ұзынның да қолы күйеді

Елде заңсыз берілген жер телімдері мен заңға қайшы салынған құрылыс нысандарының айналасында даулы мәселе аз емес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Жер қойнауы — ұлттың байлығы. Оны пайдалануға беруді оңаша кабинеттерде «бармақ басты, көз қыстымен» шешу заңсыз деп табылуға тиіс» деген пәрменінен кейін әр өңірде мұндай шікіліктердің шеті шығып, тиісті шаралар қабылданып жатыр.

Арман ОКТЯБРЬ, «Egemen Qazaqstan»

Өткен жылдың соңында осы мәселеге қатысты жиын өткізген комиссия Алматы қаласында жер заңнамасын бұзудың 33 дерегі анықталғанын алға тартты. Ең қызығы жерге қатысты бұл шікіліктің 31 дерегі мемлекеттік органдарға тиесілі көрінеді. Комиссия атап

өткендей, Алматы әкімдігі тарапынан — 11, қалалық Жер қатынастары басқармасы — 15, «Азаматтарға арналған Үкімет» корпорациясынан 5 заң бұзушылық анықталған. Осы заңсыздықтарға қатысты үш адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл арқалаған. Осылайша жер телімдерін заңсыз беру мәселесіне жүргізілген тексерулер нәтижесінде,

мегаполисте жалпы көлемі 17,3 гектарды құрайтын 23 жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылған.

Бір заңсыз шешім бірнеше келенсіз жайдың туындауына әкелуі мүмкін. Соңғы уақытта заңсыздықтардың алдын алуға тұрғындар мен қоғам белсенділері үн қосып жүр. Әсіресе, тұрғындар өз үйлерінің айналасында бой көтере бастаған құрылыс нысандарының заң талабына сай екенін, қаланың бас жоспарымен салыстыра отырып анықтайтын болған. Белсенділер дабыл қаққаннан кейін шаһардағы бірнеше құрылыс нысанына қатысты заңсыздық әшкереленді.

Алматы қалалық әкімдігінің

мәліметінше, мегаполисте өткен жылы рұқсат қағазынсыз салынған 9 тұрғын үй анықталған. Жауапты орган быттыр «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі аумағынан жеке қосалқы шаруашылық жүргізу мақсатында 4,8 гектар жер учаскесін заңсыз беру фактісі бойынша тексеру жүргізген. Тексеру нәтижесінен кейін департамент шығарған ұйғарымды орындау мақсатында Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасы мегаполистің Медеу аудандық сотына мұрагерлік куәлікті және сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен жүгінген.

Сөңгі бетте

САРАПТАМА

Күл-қоқысты кәдеге жарату қай жағынан да тиімді

Павлодардың онкологиялық аурулар бойынша республикада көп бастауына қолайсыз экологиялық жағдай әсер етіп отырғанын мектептегі бала да біледі. Бұл өңірде адам өмірі үшін аса қауіпті өнеркәсіптік қалдықтарды жою мен қайта өңдеу саласы кенжелеп тұр. Бір ғана Павлодардың алюминий зауытында қож үйінділерінің көлемі бүгінде 100 млн тоннадан асып жығылады. Оның құрамындағы алюминий оксиді 20 пайызды құрағанның өзінде тау-тау үйілген қоқыстан 20 млн тонна бокситті кен өндіруге болады екен.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Міне көрдіңіз бе, отандық өнеркәсіпте қаншама табиғи байлық аяқ астында шашылып, іске жарағысыз болып жатыр. Глинозем, металл концентраттары, түрлі қазба байлықтар мен сирек кездесетін металдар — ірі бизнестің ғана қауқары жететін өндірістер. Өкінішке қарай, кеңес өкіметінен бері жұмыс істеп тұрған жергілікті зауыттар мен фабрикалар, кен орындары, энергетикалық кешендер өндірістен шыққан күл мен қожды өңдеуді бүгінде ұмыт қалдырған сыңайлы.

Ертіс-Баян аумағында тек бірнеше өнеркәсіп «Жасыл экономика» қағидаларын ұстанып отырғанын байқаймыз.

Өзгелерінде ондаған жыл бойы жиналған өндірістік қалдықтар тау-тау болып үйіліп жатыр. Өңірдің экологиясына аса зиянды, адам денсаулығына қауіп-қатері мол бұл үйінділердің тағдыры әлі күнге шешілер емес. Оның үстіне кейінгі он-он бес жылда Павлодар облысы қоршаған ортаны ластайтын шығарындылар бойынша елімізде көш бастап тұр. Өндіріс қалдықтары мен түрлі күл-қоқыстардың 30 пайызы, яғни 730 мың тоннасы

осы аймаққа тиесілі. Ал отын-энергетика саласындағы бұл көрсеткіштердің үлесі тіпті сорақы — 65 пайыздан асады. Экологтердің пайымдауынша, аймақта шамамен 700 млн тоннаға жуық өндірістік қалдық жиналып қалған.

Техника ғылымдарының

кандидаты, профессор Александр Миков күл-қоқысты экологиялық тәсілмен жоюдың тиімді жолдары бар екенін айтады. Бастысы, бұл — кәдімгідей табыс алып келетін экономикалық тәсіл.

Сөңгі бетте

